Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың I-II-III тоқсандарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 148 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының " Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың I-II-III тоқсандарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жетісу облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Исабаев*

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы
"___" _____ № ____ қаулысына
қосымша

Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың I- II-III тоқсандарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	403	401	420
2	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	228	239	247

3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	645	695	723
4	Бірінші сұрыпты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	188	195	197
5	Түтік кеспе (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	407	422	432
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	2338	2371	2426
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1103	1156	1222
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/ литр	297	313	321
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	306	321	329
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1397	1441	1478
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	451	444	443
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	3752	3941	4005
13	Күнбағыс майы	теңге/ литр	935	983	1029
14	Ақ қауданды қырыққабат	теңге/ килограмм	153	105	93
15	Басты пияз	теңге/ килограмм	110	130	117
16	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	151	217	173
		теңге/			

17	Картоп	килограмм	182	248	194
18	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	543	638	646
19	Ас тұзы (" Экстра" -дан басқа)	теңге/ килограмм	73	73	73

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК